



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

## ДӘСТҮРЛІ БАҚ ПЕН ЭЛЕКТРОНДЫ БАҚ-ТЫҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ

**Жанғазиева Мадина**

[madonna\\_1501@mail.ru](mailto:madonna_1501@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және саясаттану факультетінің 3 курс студенті  
Ғылыми жетекші – М.Б.Шиндалиева

Дәстүрлі БАҚ – ертеден қалыптасқан ережесі, терең тарихы бар бұқаралық ақпарат құралдарының бастауы. Оған сан ғасыр қоғамды ақпаратпен сусындатқан газет, журнал, теледидар, радио жатады. Көнеден келе жатқан дәстүрлі БАҚ қазіргі уақытта тарихта сирек кездесетін сәтті бастан өткеруде. Яғни, дәстүрлі БАҚ-қа деген сұраныс төмендеп, оның орнын жаңа медиа немесе электронды БАҚ келді.

Электронды БАҚ 1996 жылдан бастап қарқынды дамып, бүгінгі күні конвергенттілік және интерактивтілік сынды ерекшеліктерді бойына сіңірген жаңа журналистика. Сондай-ақ электронды БАҚ мемлекеттер арасындағы шекараны жойып, әлемдік ақпараттың еркін ағымына жол ашады. Ол туралы Маклюин «Медияны түсіну» (Understanding Media, 1964) атты еңбегінде технологиялық дамудың нәтижесінде «болашақта «жаһандық деревнялар» дүниеге келіп, шалғай жерлерде орналасқан адамдар тобының ешқандай кедергісіз орталықтан ақпарат алуына мүмкіндігі болады»[1],- деп болжаған. Шындығында, қазір кез-келген әлемдік ақпаратқа еркін түрде электронды БАҚ арқылы қол жеткіземіз. Ол жөнінде профессор Намазалы Омашевтың айтуы бойынша, қазір «ақпараттың еркін ағымы» («Свободный поток информации») деген теория дәуірлеп тұр. Ол қағиданың мәні мынаған саяды: «Жер бетінде тік басып тірі жүрген пенденің қай-қайсы да әлемдік ақпараттан хабардар болуға тиіс. Ол – жарық дүниенің иесі. Сондықтан адам үшін таратылған ақпаратта шекара болмауы керек. Ол шекара дегенді білмейді» дейді.

Әлеуметтанушы Элизабет Бердтің бақылауы бойынша, қазіргі жастар газет бетінде жарияланған немесе теледидардан берілетін дәстүрлі жаңалықтарды «еш қажетсіз және жалықтырып жібереді» деп есептейді екен. Сәйкесінше, олар электронды БАҚты қолжетімді әрі жедел деп санайды. Не себепті?

**Жеделік.** Дәстүрлі БАҚтың ақпаратты өңдеп 1 апта немесе монтаждап 1-2 сағатта жеткізетін материалын электронды БАҚ сол сәтте-ақ тарата алады.

- **Қолжетімділік.** Дәстүрлі БАҚ арнайы орындарға барып көруді, сатып алуды қажет етсе, электронды БАҚқа қол жеткізу үшін қалта телефоны жетіп жатыр.

- **Кері байланыс (интерактивтілік).** Ақпаратты тұтынушы жарияланға материалға қатысты өз ойын айқын білдіре алуы; белгілі бір оқиғаға қатысты пікірлесу, осы орайда аудиторияның белгілі бір ақпаратқа байланысты орнын білу;

- **Қолданушы БАҚ-тың ресми сайтына материал жариялай алуы;** қоғамда қазір журналистің рөлі жойылып бара жатқан сияқты. Өйткені дәл осы электронды БАҚ арқылы кез-келген оқиға куәгері (қолданушы) ол туралы ақпаратты еш кедергісіз жариялай алуына мол мүмкіндік туған.

- **Әмбебаптық.** Дәстүрлі БАҚтағы тек аудио немесе тек бейне нұсқаның бәрін бірдей қолданып, ақпараттың өтімділігін арттырады.

Электронды БАҚ журналистерге жаңа жауапкершіліктер жүктейді. Газет, журнал, телевизияда (дәстүрлі БАҚ-та) журналистің мәтінін тексеріп, материалдың дизайнымен айналысар арнайы мамандар (редактор, дизайнер) болса, электронды БАҚ-та бұл шаруаның бәріне бірдей журналист жауапты.

Электронды БАҚтың өзіндік ерекшеліктерімен қатар теріс әсер ететін тұстары да бар. Оны профессор Кәкен Қамзиннің пікірі дәлелдей түседі: «Қазіргі қазақстандық ақпараттық кеңістікте блогтық жұтаң тіл, кибер ой жүйесі жедел қалыптасып келеді. Тіпті, аса бай, аса

құнарлы қазақ тілінің варианты осы деуге сенгің де келмейді. Сауатсыздық пен білімсіздіктің көрінісін іздесеңіз, тап қазір блогосфераға жүгінізіз. Интернет – ортақ тарихи талқының, ортақ тарихи құлазудың да көрінісі»[1,48-6]. Яғни қазақ тіліне тән емле ережесінің, грамматикалық заңдылықтардың сақталмай, жұтаң тіл қалыптастыруда. Бұл қазақ жаңа медиасының мәселесі болса, енді әлемдік аренадағы өзекті проблеманы қарастырсақ.

- Ақпарат өз кезінде жылдам берілетін болғандықтан журналистің ақпаратты дұрыс жеткізбеуі: қате пікірлер, түсініксіз сөйлемдер, грамматикалық, лексикалық қателіктер.

- Негативті ақпараттың лезде таралуы. Қалыптасып келе жатқан жасөспірімнің психологиялық ауытқушылықтар туғызатын ақпарат, бейне, суреттер көруі. Мұндай ақпараттар тасқыны БАҚ абыройы мен әлеуметтік желінің брендіне жасалатын «қара жарнама».

- «Ақпараттың еркін ағымы» елдер арасындағы шекеңа жойылып, мемлекетаралық қарусыз соғыстың өршуіне әкелуде. Мысалы, «Уикиликс» 2007 жылы негізі қаланған бұл сайт норвегиялық Жулиан Ассанждың редакторлығымен жұмыс істейді. Аталмыш сайт 2009 жылы АҚШ мемлекеттік департаменті мен қорғаныс министрлігінің мыңдаған, 270 елшілігінің 300 мыңдай құпия құжаттарын жариялап жіберді. Соның нәтижесінде, бүкіл әлем елдері АҚШ-тың адам миына сыймас жоспарларынан шошынған елдердің Америкамен арадағы байланысқа сызат түсірді. Бұл шекарасыз ақпарат ағынының кері әсеріне айқын дәлел бола алады.

Қазіргі кезде дәстүрлі БАҚ-тың өзі аудиториясын кеңітіп, өтімділігін арттыру мақсатында онлайн режимге көшуді жүзеге асыруда. Мәселен, Қазақстанда 252 электронды БАҚ тіркелсе, оның 88-і телекомпания, радиокомпания, газеттердің онлайн нұсқалары бар. Бұл арқылы дәстүрлі БАҚ-тың жойылып кету қаупі бар. Сәйкесінше, дамыған елдерде қалыптасқан газет оқу мәдениеті қазақ қоғамында қалыптасып үлгере алмай қалды. Бізде газеттерді кім оқиды? Өз мақалалары жарық көрген жандар немесе оқығысы келсін келмесін міндеттелген мемлекеттік қызметкерлер. Ал қарапайым халық секунд сайын жаңарып отыратын жаңа медианы жөн санайды. Бұл ащы да болса шындық.

Сарапшы Жан Халабидің сөзіне сүйенсек, уақыт өте интернет журналистика басыңқы орынға ие болып, дәстүрлі медиа өзінің күшін жоғалтады. Бұл үрдіс журналистикаға қалай әсер етеді? Әлемдік публицистика сарапшыларының пікірінше, электронды БАҚ-тың қарқынды дамуы журналист атты мамандықтың қоғамдағы беделін түсіреді[2,28-6]. Яғни, жаңалықтар бұрын тек журналистердің тарататын өнімі болып саналса, қазір жаңалықтарды кез келген оқиға куәгері интернет арқылы тарата алады. Бұл журналист қызметін шектейді.

Н.Омашев өз кітабының «Журналистиканың теориялары мен доктриналары» деген тарауында: «біздіңше, журналистика – баспасөз, радио және телевизияның қоғамдағы орны, олардың қызметі мен принциптері, журналистік қызметтің формалары мен әдістері жөніндегі ғылым»[3,141-6],-дейді. Яғни қазіргі БАҚ қоғамдық-саяси өмірдің хабаршысы, насихатшысы. Қазақстандық мерзімді басылымдардың материалдардан сарапталған белгілер көрсеткішінің факторлық сараптауы сол айнаның қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселерді жариялауда қалай әрі қай позициядан жариялайтындығын танытады. Қазақстандық БАҚ кеңістігі, сондай-ақ сәйкесінше мерзімді басылым мен жаңа медиа нарығы соңғы жылдары айтарлықтай жаңаша сипатта дамуда. Оның басты ерекшелігі, қазіргі уақытта елімізде масс-медиа нарығында БАҚ қорларын шоғырландыру мен үйлестіру процесі қарқынды дамып отыр. Қазақстандық БАҚ-ты дереккөз ретінде сипаттай отырып, елдегі саяси оқиғалар мен жаңалықтарды бұқараға жеткізуде дәстүрлі басылымдардың және жаңа медианың ұстанған өзіндік позициясы мен бағыты ұқсас деуге болады.

Дәстүрлі баспасөз бен жаңа медиа тек оқырманы оқитын дүние жарияласа, оқырманы үшін қажетті жаңа ақпарат ұсынса ғана, халық қалауларының тұлғалық бейнесін жасағанда ғана таңдаулы болатыны ақиқат. Сонымен, қазіргі БАҚ саяси ойындар алаңында ұстанатын позицияларына орай шынайылықты жариялауға мүдделі. Баспасөздің мүдделілігінің болуы да сол кімнің, ненің болмасын медиа-нысанына айналады. Қазіргі БАҚ-тың басты ерекшелігі - тәуелсіз қорлардың қаржыландыруынан гөрі, билік немесе саяси элита, мүдделес бизнес

топтардың құрылтайшы болуында. Мұндай жағдай саяси науқандар мен оқиғаларды жариялауда редакциялық приоритеттің саяси мәнге тәуелділігін аңғартатыны аян.

Қазіргі таңда Қазақстанның саяси өмірінде БАҚ-тың рөлі артып отыр. Дәстүрлі болсын, жаңа болсын БАҚ-тың көмегімен мемлекет пен басқа да саяси субъектілер өздерінің мақсаттары мен құндылықтары туралы азаматтарды хабарландырып қана қоймай, билік пен күзіретті органдар мен элита қалыптасуына ықпал етуші бұқарамен байланысын арттыруға мүдделі болып отыр. Яғни қазақстандық БАҚ, шын мәнінде, саяси ережелерді мақсатты түрде жүйелей алатын, биліктің бұқарамен қажетті қарым-қатынасы мен байланысын арттыратын қуатты құралға айналуға.

Қорыта айтқанда егемендікке қол жеткізгелі баспасөз, радио, телевизия жұмыстары үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұқаралық ақпарат құралдарына шындық, ашықтық, айқындық тән болып келеді. Қазір Қазақстанда ақпарат нарығының негізгі, елеулі элементтері қалыптасқан. Мәселен, 1990 жылға дейін республикада барлығы 10 республикалық мемлекеттік газет пен журнал басылса, эфирге 21 теле- және радиоарна шығарылған, ал 2016 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында 7281 бұқаралық ақпарат құралы тіркелген. Мемлекеттік емес БАҚ-тардың үлесі 78-ге жуық процентті құрайды. Тіркелген БАҚ-тың жалпы санынан 2479 бұқаралық ақпарат құралы тұрақты негізде жұмыс істейді. Елімізде БАҚ-ты кең тұрғыда тақырыптық саралау орын алып отыр. Қазіргі уақытта баспалық БАҚ-тың үлесі масс-медианың жалпы санының 50 процентін, қоғамдық-саяси – 16 процентті, ғылыми – 9 процентті, жарнамалық – 10,5 процентті, балалар, жастар, әйелдер және діни басылымдар шамамен әрқайсысы 2 процентті құрайды.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі БАҚ та жаңа медиа да адамдардың мінез-құлқына идеологиялық, саяси, экономикалық және т.б. арқылы әсер ету құралы болып табылады. БАҚ-тағы ақпараттар психологиялық әсер етудің ақпараттандырудан, оқытудан, сендіру мен үгіттеуге дейінгі барлық секторын қамтитыны аян.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Маклюэн М. Понимание медиа. Understanding Media. 1964.
2. Қазақ журналистикасы. Ұжымдық монография, 3 томдық, 1 том. - Алматы: Таймас, 2008.-286-320 бб.
3. Жан Халаби. Исследования журналистики в эпоху изменения общественных коммуникаций. –М.: 2014.
4. Омашұлы Н. Ақпарат әлемі. – Алматы: Қазығұрт, 2006.

ӘОЖ 009

### **ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫНЫҢ КӨСЕМСӨЗІНДЕГІ ТАРИХИ ТАНЫМ**

**Жұмабекова Гауһар Айтбекқызы**

[zhumabekova.gaukhar@mail.ru](mailto:zhumabekova.gaukhar@mail.ru)

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының

3-курс PhD докторанты, Алматы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С. Қозыбаев

Әбіш Кекілбайұлы шығармаларын тарихи тұрғыдан зерттеген Ж. Дүйсенбаеваның «Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарих тағылымы» атты кандидаттық диссертациясын атап өткен жөн. Албүгінгі күнде Ә.Кекілбайұлының **көсемсөзіндегі** тарихи таным мәселесі сияқты тақырыптарды зерттеу зәрулік тудырып отырғандығы белгілі.

«Тарих деген оқу алаңы. Тарих – тәжірибе, тарих – бүгінгі болмысымыз – барымыз. Бұл болашақтың іргетасы» [1, 151].

«Түркістан тағылымы» атты тарихнамалық эсседе Ә. Кекілбайұлы бір Түркістанды айту үшін сонау тіршіліктен бастап, географиялық, тарихи деректерді келтіреді. Түркістан